

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.06.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.06.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhana L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.06.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АБЖАМАЛОВА Ж.Е. САҒИДОЛДА Г.	Қазақ және өзбек тілдеріндегі заттық-тұрмыстық лексиканың семантикалық салыстырмалы талдауы	7
АХМЕТОВА Б.З., ТЛЕУЛЕСОВА А.Ш., ЖАЕВА Р.Р.	Производные имена как отражение языкового сознания в высказываниях на территории северного Казахстана	14
АХТАЕВА Н., СҮЛЕЙМЕНОВА Ә., САРЫБАЕВА Б.	Контекстік синоним парадигмасы	22
ӘДІЛОВ М.Е., ЕКИЖИМ., ЖИЕМБАЙ Б.С.	Алакөл атауының этимологиясы: жаңаша көзқарастар мен топонимдік талдау аспектілері	31
БАТЫРБЕКОВА К.А., АЛИМБАЕВ М.Е., МЕДЕТБЕКОВА Н.Н.	Lexico-semantic character of somatic names occurring in the written monument «Baytaratu'l-Vazih»	42
ИСЛАМА., БЕІСЕБАҮЕВА А., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., ОСЕРОВ Б.М.	Comparative analysis of political and diplomatic discourse М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі және терминология мәселесі	51 60
ПАШАН Д.М., ХАБИЕВА А.А., ЕЛУБАЙ Ә.М.	«Нарғыз» антропонимінің семантикасы, орфографиялық нормасы және қолданылу жиілігі	67
ТӨКЕНҚЫЗЫ Г., ОМАРОВА С.Қ., КАДИРХАН А.К.	Қазіргі телебағдарламалар тілі (қазақ тілі ұлттық корпусының кіші корпустары негізінде)	78

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АНАНЬЕВА С.В., ИБРАЕВА Ж.Б., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Динамические и статические мотивы в повествовательной структуре романа Ильяс Есенберлина «Влюбленные»	91
ЖӨЛЕЛОВА М.С., АРСЛАН М.	Қалқаман Сарин поэзиясындағы ауылға сағыныш: поэзиядағы көркемдік өрнектер («Арқаттағы біздің үй» өлеңінің негізінде)	102
КАЖЫТАЙ Б.К.	Асқар Алтайдың «Туажат» романындағы оксюморондық бейнелеу тәсілі	111
ҚАДЫЛ Т.	Мағаз Разданұлы поэзиясындағы философиялық тереңдік	120

НҰРМАХАНОВА М.Қ., МҰСАЛЫ Л.Ж., СОВЕТОВА З.С.	Белгілі сыншы Қалжан Нұрмахановтың бағалауындағы қазақ-украин әдеби байланыстары	131
СЕРАЛИМОВА С.А., БЕЙСЕНОВА Ж.С	Культурные коды в художественном переводе	140
ТЛЕУБЕКОВА Б.Т., ИБРАЕВА А.Д., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Көркемдік әдістің әдеби ағымдары мен бағыттары	151

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И
ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

ИСЕНОВА Ф.К., КАУДЫРОВА А.О., ДҮКЕМБАЙ Г.Н.	Роль рефлексии в формировании языковой личности студентов	162
ЖУМАДИЛОВА М.Н. БЕРКЕНОВА Р.А.	Өзге тілді студенттердің жазу дағдысын қалыптастырудың линводидактикалық әдістеме негіздері	173

Т. ҚАДЫЛ



Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.
(e-mail: taldaobekashimhan@gmail.com)

МАҒАЗ РАЗДАНҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТЕРЕҢДІК

Аңдатпа. Мақалада Мағаз Разданұлының поэзиясындағы философиялық терең ойлары талданады. Зерттеудің мақсаты – Мағаз жасампаздығының ашылмаған тың қырларын жан-жақты ашып көрсету. Нақтылап айтқанда поэзиясындағы қоғам, заман, адам мінезінің алуан қырларын бейнелейтін өлеңдері зерттеледі. Мәселен, «Өрт», «Оқ даярлаушы» секілді өлеңдерінде қоғам шындығы ашылса, «Айна алдында», «Тар» өлеңінде өзі жасаған дәурдің суреті сызылады. «Күлкі», «Жылау», «Мақтан» қатарлы өлеңдерінде адам болмысы жайында философиялық ойлар ұсынады. Осы мақсатты орындау үшін оның «Асулар толғауы», «Уақытқа жауап», «Босаға», «Ертең» қатарлы жыр кітаптары қарастырылады. Мағаздың 21 жылдық өмірі Қытай түрмесінде өтті. Ақынның түрмеде туып, шындыққа суғарылған ойлы да, өміршең жырларын зерттеу арқылы біз қоғам мінезі, адам болмысы, заман шындығын танимыз. Зерттеу кезінде мақаланың ториялық негізін бекемдеу үшін отандық сыншы, әдебиеттанушы Р.Сыздықова, З.Серікқалиұлы, Е.Шаймерденұлы, ал шетелдік ғалымдардан Реми Хесс, Ло Гэньзы, Нэн Фань қатарлылардың ғылыми тұжырымдары зерттеудің әдісі ретінде басшылыққа алынды. Мақаланың практикалық маңыздылығы мен құны – ғылыми жұмыстың нәтижелері М.Разданұлының поэзиясы туралы материалдық негізбен қамдайды. Және кейінгі зерттеушілерге жол ашады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен нәтижесі – біріншіден, Мағаз поэзиясындағы философиялық тереңдік алғаш рет жүйелі зерттелді. Екіншіден, ақынның түрмеде туған тағдырлы жырларының философиялық мәні мен тарихи астары ашылды. Үшіншіден, философиялық мәні терең өлеңдерін талдау кезінде ақын басынан кешкен күрделі өмір шындығы бірлестіре қарастырылды.

Түйін сөздер: Мағаз Разданұлы поэзиясы, философиялық тереңдік, тарихи астары, дәуір суреті, көркемдік шеберлік.

Кіріспе. Мағаз поэзиясы – өз заманы мен тағдырының шындығынан туған. Оның өлеңдерінен екі түрлі стилдік ерекшелік байқалады. Бірі 1958-ші жылдан ілгергі жандүниесінің әлі таза, жара түспеген, еш зианкестікке ұшырамаған кезіндегі арманшыл жырлары. Екіншісі, жалғаннан жалалы болып, бұл дүниенің азабы мен тозағын бір кісідей тартқан, әбден «жаны жара мен бір жан қаны қара» (Абай) болған кезіндегі өлеңдері. Бұл мезгілде ақын көпті көрген, ғасыр жасап қартайған, бәрін де суық ақыл, салқын сабырмен қабылдайтын мінез-күйге ауысқан. Өлеңінің әр жол, әр тынысынан баяғыдай балғындық, өміршіл жалын байқалмайды. Заманның ызғары соғып, қатігез қылығы шаршатқан ақынның рухани әлемі өзгеше байсал күйге көшкен. Оның әрбір өлеңінен тағдырын ғана емес, сол дәуірдің тарихи суретін, адамдардың мінез-болмысын, психологиясын тануға болады. Ақын өз өмірі жайында жазып отырып та, тұтас адамзатқа ортақ ұлы философиялық ойларды шебер жеткізеді. Көбінеки жеке көңіл кірбеңінен гөрі тұтас халық мүддесінен күй толғап, сыр төгетін маңғаз мінезді Мағазды онан ары шиыратып, сомдап шығару үшін өмір дейтін қатал сарапшы – «шыдасаң, міне, көтеріп көр» дегендей ауыр жолға салып жіберген еді. Сол жолдың жемісіндей боп шындығы да, шертер күйі де өзгеше әуенте алмасқан. Шынымен де Мағаздың осы мезгілдегі поэзиясына байыппен

үңілсек, Абайша толғап тереңге тартып отырғанын бірден байқар едік. Нені жазса да, ғасырлар желі құлата алмас салмақты дүние тудыруға тырысқанын өлеңінің тереңдігінен, стиль-өрнегінен анық байқатады. Біз бұл мақаламызда Мағаз поэзиясының философиялық тереңдігін талдауға көбірек көңіл жығамыз. Сондай-ақ ақынның әлеуметтік тақырыптарға кеңінен қалам сілтеген қайраткерлік жағын, гуманистік идеяларін қарастыруға кірісіп көрмекпіз.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланың материалы ретінде көрнекті ақын Мағаз Разданұлының (1925-1998) «Асулар толғауы», «Уақытқа жауап», «Босаға», «Ертең» қатарлы жыр кітаптары зерттеу нысаны ретінде алынды. Таңдалған тақырыпты жан-жақты ашып кешенді зерттеу үшін, әрі теориялық негіздемесін бекемдеу үшін отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сүйене отырып талдаулар, салыстырулар, жинақтаулар жасалды. Мағаз ақынның адам болмысын бейнелейтін «Жылау», «Күлкі», «Мақтан» өлеңдерін талдау кезінде Абай өлеңдері мен қара сөзденінен мысал алынды. Сондай-ақ ақын өлеңдеріндегі философиялық тереңдікті таладап көрсету барысында Сократ, Платон, Шопенхауер қатарлы философтардың адам мінезі туралы афоризмдері, философиялық аңыздар, қанатты сөздер ұсынылатын нәтижеге байланысты орынды пайдаланылды. Әсіресе Мағаз поэзиясындағы философиялық тереңдікті ашу кезінде салыстыра талдау мен жианақтау әдісіне көбірек басымдық берілді.

Талқылау мен бақылау. «Әрбір үлкен жазушы өз туындыларына философиялық тереңдік дарыта білуімен зор атаққа, танымалдыққа жетеді» [1, 83]. Әрі шығармалары арқылы дүниені тануға және оны қалай қабылдап түсінуге жол ашып, бағдар сілтейді. Сократ, Платон, Аристотелден тартып, Абай Құнанбайұлына дейінгі жалғасып жатқан ұлы идеялар жүйесі бізге дүниені тануға көмекші құрал болды. Олардың ақыл-парасатқа толы философиялық ойлары тұтас тіршілік әлемін зерттеп жаңа ғылымдар жасауға мол жәрдемі тиіп келеді. Себебі ақын, жазушы болмысты болған күйінде суреттеп қана қоймайды, ойшыл қаламгерлер шығармаларында өзі өмір сүрген заманға сын көзбен қарап сипаттай отырып та, адам, қоғам, жаратылыс заңдылығы жайында ұлы идеялар – философиялық тұжырымдар (концепсиялар) ұсынады. Қаламгер бұл идеяларын кейіпкер арқылы да, сөз-образбен де бейнелейді. Ақынның «мақсат-мүдделері, арман-тілектері олардың қилы тағдырлары» [2, 64] көрініс табады. Арнаулы тақырыппен зерттеліп отырған Мағаз өлеңдері де осындай астары қалың, мағынасы терең ойларға жүкті. Біздің Мағазды ұлы ұстазы Абайдың жолымен поэзияға философиялық тереңдік әкелген ақын деуімізде де сондықтан.

Мағаз – философ ақын. Оның әсіресе 1979-ші жылдан кейінгі жасампаздық жақтан әбден толысқан шағында жазған өлеңдерінде философиялық толғаныс басымырақ түсіп жатады. Мағаз өлеңінің сырт сымбатын сырлаудан, орынсыз әйміштеп бояу жағудан аулақ. Айтар ойын барынша қысқа, нақты, образбен, символдық бүкпемен жеткізуге күш салады. Сол себепті оның өлеңдері көп сөзділіктен мейлінше таза. Өлеңінде негізгі айтар ойынан, жүктер міндетінен ауаша, алшақ тұрған шумақтар жоқтың қасы. Өлеңдерінің көбінде өте қысқа, шағын сюжетті болып келетіндігі де осындай ерекшелігінен екендігі күмәнсіз.

Суреткердің талант құдыреті – жазған шығармасының көптігімен немесе жанр салмағымен өлшенбесе керек. Өйткені кейде бір дастанның яки романның идеясы шағын өлеңте сыйып кетуі де әбден. Мысалы, Омарғазы Айтанұлының «Бұғы» дастанымен қапталдасарлық шығарма ретінде Мағаздың «Бұлдырлықты көріп» атты өлеңін айтуға болады. Әрине мұның бәрі жазушының шеберлігіне қатысты айтылып тарқатылар көп түйіндердің бірі. Мейлі шағын лирика не эпикаға құрылған көлемді туынды болсын оқырманды ойландырарлық философиялық толғаныстар болуы қажет. Ал философиялық ой – жалаң баяндаумен келер бублистикаға яғни алдамшы фафосқа құрылмайды, ол – көркемдіктің неше алуан компоненттерін іске қоса отырып шеберлік қырларын көрсететін майдан. «Шынында да, ақын қоғамдағы жағымсыз әрекеттерді сынға ала отырып, көпшіліктің көкейіндегіні дөп басып» [3, 395] әдемі жеткізеді. Сонымен қатар бір айта

кететін мәселе: поэзия тілі – ықшам, әсем, образды тіл болып келетіні рас. Алайда солай екен деп идеяға қызмет көрсетпейтін ең сұлу, ең тәтті сөзді үйіп-төгу орынсыз. Және поэзия тілінде де образды көркем тілмен қатар тұрмыстық қарадұрсындау сөздер яғни ғылым тілімен айтқанда тура мағынасындағы номативтік сөздер келе беретін жағы тағы бар. Тегінде поэзия тілі – сөзсіз образды көркем сөзбен келуі керек дейтін шарт басты орында тұратындығы шындық. Егер ақынның қажеті түсіп тұрған сөз – тұрмыстық қарапайым атаулар болса, оны қолданудан қашқақтауының керектігі жоқ. Алайда ең ескеретін нұқталы түйін қаламгер сол жай сөздің өзін кетігін тапқызып, дәл өзінің орнына қалап жібере алса одан көркем, одан образды сөз болмақ емес. Мысалы, Абайдың «Күз», «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» қатарлы көптеген «өлеңдерінде тұрмыстағы отын, су, жіп, қап, тезек, т.б. бәкін-шүкін атаулар жиы қолданылып жүреді» [4, 68]. Бұған бола Абайды өлең тілін «бөтен сөзбен былғады» дей алмайсыз. Негізінде образды ойын «әдемі тонға» орамай ақ халықтық тілімен (халыққа ұғынықты сөзбен) жеткізу ежелгі фольклорлық және жыраулық әдебиеттен бері жалғасып келе жатқан дәстүр. Бұл – мысал келтіріп сөз ұзартпасақта оқушыға белгілі жай. Демек шеберліктің бір ұшы – сөз саралап қолдануда.

Нәтижелер. Мағаз Разданұлының философиялық өлеңдерінде ақынның гуманистік идеялары біршама айқындалып көрінеді. Гуманизм – ақиқатты жақтап, әділетті дәріптеп адам баласына тән игі қасиеттерді, асыл мінездерді уағыздайтын; адамның еркіндігі мен кісілік құқын, ар-намысын қорғайтын; сондай-ақ барша адами қасиеттерді ұлықтап, өмірдің мәнін дәріптейтін философиялық идеяларға негізделеді десек, Мағаз жырларынан осы сипаттар тегіс көрініс тауып отырады. Қоғамдық өмірдегі туылып жататын түрлі әділетсіздіктерге қарсы азаматтық көзқарасын білдіру – гуманист суреткердің міндеті. Мағаз міне осы үдеден шықты.

Өмірді ақын қиялымен ғана емес, философ көзімен таныған, және танытуға талпынған оның лирикалары (тегі бойынша бөлгенде лирика деп жалпы поэзияны айтамыз) – адами өмірдің биік парасатынан, асыл-асыл сезімдерге жүкті сәулелі тұстарынан, аққа күйе баттап кимелеп келген кесірлі кезеңнің жан мұздатар суреттерінен сомдалып құйылған. Кез келген ақын әрдайым шындық биігінде тұрып сөйлесе, барлық ісін адамгершілікке (гуманистік идеяға) негізделіп жасай білсе – шын құдыреттілік, шын ұлылық биігіне көтеріледі. Мағаз поэзиясын биікке көтеріп, құдырет дарытқан да дәп осы қасиет – философиялық толғаумен келетін гуманизмдік идеялар ағыны болса керек. Ендеше осы көрсеткен теориялық тұжырымдар мен сипаттардың дәлел-дәйегі ретінде Мағаздың философиялық толғаныстар болып келетін өлеңдерін ары қарай таратып талдауға көшейік. Мағаз «Бар ойым» атты өлеңінде лирикалық кейіпкер «мен» арқылы «мейлі қай қоғамда, қандай жағдайда болсын өз ұлттық болмысымызды жоғалтып азғындаудан аулақ болайық» деген философиялық теориясын алға қойып, өз тарабынан үндеу тастайды. Аталған өлеңнен үзінді оқиық:

Бетімді көрпе қалқалап,
Жете алмай төрден есікке.
Қазақ боп жаттым шалқалап,
Шіреніп қойып бесікте.

Кетермін «хош» деп шалқалап,
Жеткенде қонар жеріме.
Бетімді кебін қалқалап,
Қазақ боп кірсем көріме [5, 42].

Осы екі шумақ өлеңде автор жай ғана өмір суретін поэзия тілімен сызып отырған жоқ, қазақтың ұлттық болмысын көрсетіп отыр. «шіреніп қойып бесікте» жатқан сәби де, бетін кебінмен қалқалап шалқалатып есіктен шығарып бара жатқан мәйт те көз алдыға әсерлі образбен орнай қалады. Мағаз қазақ баласының бесікте жатқан шағы мен арғы дүниеге аттанып бара жатқан сәтіндегі суретін яғни өмірдің басы мен соңын бір ойға көгендеп тамаша қабыстыра білген. Осында ақынның алға қойған ойына емес, сол ойды жеткізудегі

шеберлігіне, өмір құбылысын жинақтап көрсете білудегі алымдылығына сүйініш айтпай тұра алмайсыз.

Мағаз бұл өлеңнің әр жолына, әр сөзіне көп мағына сиғызған. Мысалы, «қазақ боп жаттым шалқалап» – деуінде үлкен сыр бар. Өйткені құбылыстың сыртын көрсетуден гөрі ішіне көбірек көз салатын ақынның ойы тереңге тартып алысты аңдатып тұрғаны белгілі. «Шалқалау» сөзін образ тұрғысынан қарасақ, өмірі ат үстінде, биік-биік өлкеде өткен қазақтай халықтың ұрпағының рухы асқақ та, шалқақ болуы заңды. Оның үстіне 21 жыл түрме азабы қырын да сындыра алмаған пипаз жанның жыры да өзі сияқты «шалқалап» аспаншыл кейіп танытып тұрған жоқ па?! Ал, өлеңінің өрнек, құрылымын сөз етпесек те, осы екі шумақтың іші мен сырты бірдей құрыштан құйылғандай ажырамас бүтіндік көрсетіп тұрғаны анық.

Ақын «Күлкі» деген өлеңінде кейде адам өмірінің салқындап бара жатқан шағына жылу жүгіртіп, сәтке болса да сергітіп тастайтын сәттерін еске алады. Алайда тіршілік мәні – арзан күлкіде емес, сыры кетіп сымбаты бұзылмас шын күлкіні табу жолындағы күресте деген көп қырлы ойларының бір шетін шығарады.

Білгенге жылау арзан, күлкі қымбат,
Сенбесең өзіңді-өзің көрші тыңдап.
Туғанда жылап туып, ай өткен соң,
Шақырған шаңырақтан күлкі ымдап [5, 61].

Мағаз осы арада «Күлкі», «Жылау» жайында қандай жұмбақты ойды меңзеп тұруы мүмкін? сол жағына баса назар жығып, өлеңнің мазмұны бойынша ашалап түсіндіріп көрсек, автор «жылау» сөзіне дәл осы бір жерде екі түрлі қызмет жүктеп яғни екі түрлі мағына сиғызып тұрғандай сезіледі. Бірі, адамның өмір есігін іңгалап ашқандағы «ерікті жылауы» да, енді бірі, өмірдің ызғарына ұшырап, қатыгездік көргендегі «еріксіз жылауы». Алдыңғысы физиологиялық ішкі тілек, қажеттен туатын табиғи болмыс болса, соңғысы тағдырдың жанға салған жарасынан, жан ауыртар жазасынан болатын амалсыз жылау.

Ақын философиясына жүгінсек, жылау да, күлкі де өткінші нәрселер. Оның бірінің мөлшері екіншісінен артық түсіп жатса қалыпты тірліктің теңдік салмағын бұзады. Адамның ес кіргенге дейінгі жылауы да мезгілдік. Одан кейін тірліктің қызыл-жасыл қызығы басып адамды «күлкі» жетелеп кетеді. Ақын өз өлеңінде: «Туғанда жылап туып, ай өткен соң, шақырған шаңырақтан күлкі ымдап [5, 61], – деп сәдеттеп отырғаны да осы ойдың ұзақты желісі.

Болғандай сиыр «жолдас» жілқыменен,
Туыпты жылау бірге күлкіменен.
Екеуін қысып екі қолтығына,
Көтеріп жүр емес пе шағын денең.

Сұм жүрек қазір бүтін, қазір жыртық,
Өмірді бітірері хақ жылау құртып.
Дегенмен жанарыңа келген жасты,
Құрғатып кетер күлкі өзі сүртіп [5, 62].

Егер адам өмірін қазақтың шанағынан күй төгілген қоңыр домбырасына ұқсататын болсақ, күлкі мен жылау бейне соған тағылған қос ішек сияқты. Екеуі бірігіп мағына шығарады; екеуі бірігіп өмірге әр кіргізеді. Сондықтан да ақын тек екеуінің біреуін ғана болуын құптап үміт етпейді. Жылаулы өмір сор татиды, ылғи күлкілі өмір су татиды. Автордың «туыпты жылау бірге күлкіменен» дегенінде екеуінің бір денеге қосақталғандай ажырап алыстамас ағайындас халын ұғындырады. Әрі орынды, лайықты күлкі тіршілікке жылу беріп, тамырыңа қан жүгіртеді. Көңілдегі кірді, кірпіктегі жасты бір мезетке болсада құрғатып, жуып-шаяды, – дейді ақын өлеңінің ойы.

Өлеңнің басқы шумақтарында күлкінің адам өміріндегі маңыздылығы айтылса, келесі шумақтарында «өзгенің жақсылығына қуана білу – үлкен кісілік» [6, 172] деген философиялық тұжырымды ойға ауысады.

Тұрлаулы қиянаттан таза жүрек,
Күлкіден айырма деп тілер тілек.
Жаралған күлу үшін дүниенің,
Не керек ту сыртынан қамшы білеп.

Білгенге күлкі орынды өмір үшін,
Ешкім де күлмегеннің жармайды ішін.
Күлмесең күлмей-ақ қой, ауыл-үйдің
Сөндіріме «қар жауғызып» қуанышын.

Деген сөз тегін емес «күлкі – арсыз»,
Алсаңыз арзан күлкі опығарсыз.
Сатсаңыз жалған күлкі жәреукешіл,
Ішінде арсыздардың сіз де барсыз [7, 18].

Көңілі қиянаттан таза, күндестіктен алыс адам әрқашанда өзгенің жақсылығына қуанып, бақытты шағының баянды болуын шын тілейді. Біреудің қуанышына ортақтаспасаң қой, бірақ кесіріңді тигізіп, кесапатты іс қылма. Бұл шумақтарда ақынның дәріптеп отырғаны да осы төңіректегі ойлар екені анық.

Мағаздың «Дос келді» деп аталатын өлеңінде де «күлкі» сөзі кездеседі. Өлеңде «семіз күлкі», «күлкінің көк сорпасы» деген метафоралар қолданылып, «күлкі» сөзі көбірек тілге алынғанымен, ақын ол арада «күлкі» жайында емес, күлкі сөзін басқаша бір бүкпелі ойды аңдатудың құралы ретінде жұмсайды. Өлеңде бірі ашық, бірі көмескіленген екі түрлі астарлы ой бар. Өлеңнің жұмбақтап отырған идеясы – оның жазылған кездегі тарихи жағдайына да байланысты екенін ескеру керек. Өлең – ақынның түрмедегі кезінде яғни 1977-ші жылы жазылған. Өлеңде ашық көрнектіленген идея – заманның ыңғайына бағып, демде құбылып шыға келетін ағайыншылығы ауызында ғана адамдарды сынға алады. Доспын деп жарқылдап күліп, ішінді біліп алған соң сыртыңнан қастық сайлап, орға жығатын; және басыңа іс түсе қалса көмек көрсетудің орнына пайдасыз құрғақ сөз емізіп, сені күлкіге айналдырып табалайтындарды айыптайды.

Күлкінің көк сорпасы қышқыл, тәтті,
Мөлтілдеп ыдысымда жымың қақты.
Ұрттап ем, күлкі қысып шашалдым да,
Күйді ауызым, көзден тарам жастар ақты [7, 19].

Ақынның түрмеге түсуін заманның аумалы-төкпелілігінен, күрделілігінен болды десекте, бірінші болып алдымен айдалып кетуі ағайынның жаласынан, күле тұрып істеген жымсымалығынан болғаны анық. Бұл арадағы күлкі – жалған достың ішкі бетін жасырған бет пердесі. Сондықтан да ақын: – ағайын сыйлады деп сеніп ұрттаған «күлкінің көк сорпасы» ауызымды күйдірді, сорымды қайнатты, – дейді.

Кеткен соң ақыл керіп, баысм ісіп,
Досыма тағы бардым ісім түсіп.
Осыдан басқа ем жоқ деп бір бөрікті,
Кигізді оңай өлшеп, жылдам пішіп.

Тұрсамда, отырсамда бөркімде еркім,
Шекемді емдеймін деп қысады әр күн.
Бөркіндей самай таздың бір шешпейтін,
Келеді әлі түспей осы бөркім [7, 20].

Өлеңнің соңы осылай аяқтайды. Мұндағы «бөрік» – перифраз тәсілімен сәтті жасалған сөз-образ. Ақынның көмескі – жұмбақты ойы осы сөзге жасырылған. Ақын басына тағылған түрлі жалған айыптарды ағайынның «силаған» бөркі деп астарлайды. Жақынның қолымен оңай пішіліп кигізілген сол бөрікті бейне самай таздың кепешіндей басымнан бір тастамай киіп келе жатқанымға жиырма жылға жақындады. Менің қазіргі барлық еркім осы бөркімде, – дейді өлең ойы.

Аталмыш өлеңнен «сенбе досқа тұрса да қанша мақтап» [8, 138] деген Абай философиясының ұшқыны қылаңдайды. Адамдар арасындағы жалған татулық сыңдалады. Тіршілікте ағайынға сеніп арам өлетін жәйттердің жиы туылып тұратыны да табиғи іс. Одан аулақ болу шынында қиын. Қиын болатыны – адам баласы ешкімге сенбей, сенісе алмай жасай алмайды. Сенген досың алдамшы шығып, сені ажалға айдап беріп отырса қорлықтың үлкені сол болмақ. Ақын осы ойларын өз басындағы тағдырымен байланыстырады. Әдетте, «көбінесе лирикалық поэзияда ақынның өз кешірімесі, ішкі жан тебіреністері қабаттаса кіріп отырады» [9, 74]. Әрі ақын суреттеп отырған дүниесінің образына немесе поэтикалық бояуына айналады. Өзі жазып отырған шығармасының кейіпкеріне айналып, өз кешірімесі арқылы дйттеген идеясын жеткізу – лирикалық поэзияның басты бір еркселігі. Мұнда «өмірлік құбылыстардың нақты суретін сызудан гөрі суреткердің айнала болмысқа болған субъективтік көзқарасы – дүниетанымы басым орында тұрады» [10, 86]. Талдап отырған өлеңде автор болмыс ақиқатын бейнелеуде осындай ұтықты тәсілге жүгінген яғни лирикалық поэзияда көп қолданылатын қағидаға арқа сүйеген.

Мағаз разданұлының адам өмірінің сырына бойлатып, тереңіне үңілте түсетін мағыналы өлеңдерінің бірі «Жылау» деп аталады. Ақын мұнда да жоғарыдағы өлеңнің бейнелеу ізімен «жылау» ұғымын төңіректтей отырып, іргелі ойларға жетелейді. Жалпы 12 шумақтан тұратын өлеңнің, автордың негізгі ойының желісі толығырақ көрінігін шумақтарды мысалға келтірелік:

Күлмендер, ей жарандар, қапалыға,
Қарайды құдай кімнің сақалына?
Тағдыры көзге шұқып жылатпаса,
Сияма пенде шіркін шапанына?!

Үнемі болмаса да анда-санда,
Сол үшін түскені жөн етке таңба.
Тоғызы тел болатын дүние жоқ,
Көреміз бір кейісті патшадан да.

Еңкейіп батқанына күн жылайды,
Толған ай орталаса, түн жылайды.
Көшпелі бақ секілді сөткесіне,
Бұл әлем бір күліп, бір тұнжырайды.

Болғанмен бұл жалғанның сырты дүрдей,
Сәт емес жеті күннің бәрі бірдей.
Туада һам сүт емген адамзатты,
Тағдыры қоя бермес имендірмей [7, 27].

Адам баласы қайғыны, жылауды тәңірінен сұрап алмайды. Тіршіліктің қым-қиғаш бұралаң жолы кісінің қалауынсыз өз иіріміне батырады; көлдей тынып тыныш жатқан өміріңе қол сұғып, икеміне көндіреді. Ақынның өлеңінде «тағдыры қоя бермес имендірмей» деп отырғаны да сондықтан.

Өлеңнен ақынның басынан өткен тағдыры, драмалық кешірімесі жатқаны «тағдыры көзге шұқып жылатпаса, сияма пенде шіркін шапанына?!» деген поэтикалық тармақтардан білінеді. Сонымен бірге мысалға келтіріп отырған өлең жолдарынан ақынның адам табиғатындағы ерікті-еріксіз туылып жатқан құбылыстарды терең бақылап, оны тартымды ойларға айналдыра білген шеберлік қырын да байқатады. Ондағы ой мен сөз, сезім мен сурет туындының мазмұнын әрлендіріп, көңіл толқытар әсерлі бейнеге көшеді де, оқушы санасында тың байлам, жаңаша түсінік тудырады.

Өлеңнің әр шумағында айтылған ойлардың басын біріктіріп, қысқаша түйіндесек, ақын «жылау» – адам өміріндегі қалаусыз туылатын құбылыс. Одан адам баласы мәңгі

сақтанып, маңына жолатпай жүре алуы мүлдем мүмкін емес. Қуаныш пен қайғы бейне күн мен түндей алмасып жатады. Қайғысыз-мұңсыз пенде жоқ, сыртынан қарап төрт тұрманы түгел дейтін патшадан да бір кейістік шығады. Қалыбы бүтін дүние қабырдан ғана табылады. Сол үшін адам оқиаттан басқа түскен қайғы мен көңілсіз жайларға ұшырағанда морт кетіп, өзін жоғалтып алмауы тиіс. Өлеңнің философиялық астары осылай сөйлейді.

Мағаздың бейнелеу жағында ұқсастау ситде жазылған мұндай өлеңдері аз емес. Соның тағы бір мысалы ретінде «Тар» деген өлеңіне талдау жасап көрелік:

Жұмыртқадан шығады құс қыраны,
(Қанат, құйрық зуылдап ысқырады.)
Тар саптаяқ болады ерге жолдас,
«Тар» дегенді кейбіреу басқа ұғады [11, 52].

Өлең осылай басталады. Ақын тар ұғымы турасындағы ойларын заттық дүниенің айналасынан бірер қайырым мысал алып түсіндіреді де, ары қарай адамның мінез-қасиеттеріне байланысты айтылатын мағыналы ойларға көшеді.

Жаратпаған әлемді тәңір тар қып,
Өлшем емес жігітке жоқ пен барлық.
Өзі естіге орын бар мың кісілік,
Жанда қорлық, жалғанда іші тарлық.

Басыңдағы баспанаң тар болса егер,
Оқасы жоқ, балшықтан мұрат өнер.
«Ары жаттан...» тарылса жар төсегі,
Ғазиз басқа, міне осы қиын келер.

Асың симай жатса егер табағыңа,
Жөнін айтсаң, кешеді қонағың да.
Бірақ сонда, сіңісті іштарлықтың,
Тұрмаса екен белгісі қабағыңда [11, 53].

«Таланытты суреткер көбінде өмір шындығын кішігірім жайлар мен елеусіз құбылыстар арқылы аша біледі» [12, 11]. Ақын ойына өзек, туындысына арқау етіп отырған «тар» сөзін шектілік мәннің шеңберінде ұстап қалмай, онымен өзектес жатқан сабақтас ұғымдармен ұтылап тереңдетіп мағыналылығын мейлінше қомақтырақ көрсетуге әрекет етеді.

Тарлық – әрине, қай жағынан болсын бір жетіспеушіліктің, толымсыздықтың айғағы болатыны ақиқат. Автор көздеген мақсатының мәресінен шығу үшін де көзтаныс заттық ұғымдарды санамалап, сатылап биіктетіп, эстетикалық қуаты күшті дүниеге айналдырады. Автор «тар» деген жалғыз ұғымды жалпы өмір шындығының көзге үйір ұғымдарымен айқындай отырып, оның көркемдік мәнерінің барынша мәнді болуын көздейді. Сондықтан да өлеңнің сырт сипатынан гөрі онда алға қойылар ой, толғандырар тақырып анағұрлым сүбелі болып шыққан.

Ақын, жазушы белгілі бір құбылысты немесе ұғымды таратып жазуда алдына нендей мақсат қойуы мүмкін? әлбетте, бірінші кезекте, өмір құбылысын таныту. Таныту дегенде ол қаламгердің өз топшылауы бойынша бір жақты түсінікке тірмей, ғылыми және көркемдік таным тұрғысынан қарап кең ауқымда көрсетуін талап етеді. «Көркемөнерді сезім шеңберімен шектеп, ал ойлау жүйесін бір жақты ғылым игілігі деп түсіну дұрыс емес. Іс жүзінде дүние сырын игерудің қос тәсілі – көркемдік таным мен ғылыми танымның қай-қайсысында да ой мен сезім мейлінше өзектес, олар бірін-бірі толықтырады, байытады. Ғылыми, көркемдік ұғымдары – әрқайсысы өз алдына тек ғылыми тұрғыдан таным түрлері ретінде сараланғаны болмаса, олар да бәрібір бірінен-бірі қара үзіп кете алған жоқ. Бір медалдың қос беті тәрізді өзді-өзін рухани демейтін, дамытатын біртұтас таным жүйесінің күретауы қос желісі ғана» [13, 15].

Мағаз өлеңдерінен байқалатын тағы бір ерекшелік – өзі танып білген тіршілік дүниесіндегі алды-алдына шашырап жатқан ұғым-түсініктерді көркемдік таным сүзгісінен өткізіп, өзара бір-бірінен жігі ажырамас етене, бауырлас ұғымға яғни философиялық теорияға айналдырып жіберетін жақтарымен бой көрсетеді. «Дүниені танып-білу, оны көркемдік таным өресінде қабылдап өнер тіліне көшіру – қаламгердің қарымын, шеберлік дарынын сынайды. Әрине болмыс шындығын танумен оны мейлінше көркем, бейнелі дүниеге айналдырудың арасында» [14, 246] көптеген күрделі барыстар бар. Нақтылап айтсақ, ақын өзі сезініп таныған құбылысты көркемдіктің қағидаларымен ғана емес, өзі іздеп тапқан жаңа жолдармен бейнелейді.

Оның «Өрт» (1978 ж.) деген өлеңінде тұрмыстағы қарапайым детал орынды кәдеге асырылып, қоғамдық өмірдің бір қыры, көзтаныс бір өңірі суреттеледі. Әуелі аталған өлеңді оқиық:

Көңілдің жайлауындай күлкі қонған,
Безеніп күн астында тұр еді орман.
Бейуақыттың жез қанатты шапағындай,
Өрт келді қойны-қоншы отқа толған.

Жапырды жалын аунап жас орманды,
(Сындырды бір ажарды бір «ажарлы»).

Таңданып, таңдай қағып болғанымша,
Өрт те жоқ, орман да жоқ, көмір қалды.

Құлағын бір ұршықтың уақыт бұрап,
Жалықпай жыл жасады айдан құрап.
Тірілтті жыл жиылып өлі орманды,
Өшкен өрт қалды адыра ойдан жырақ.

Бұл заман әлмисақтан бері қарай,
Әдепсіз ақымақты көрген талай.
Тоқтамай өмір көпші ит үргенге,
Білмейді көшерін жел, қонарын сай [15, 122].

Өлеңнің алдыңғы екі шумағында құбылыстың сырт сипаты көрсетілсе, одан кейінгі соңғы екі шумағында мыңдаған адамдардың өмірін ойрандап, ортасын күйреткен сол бір «сүркейлі жылдар» астарлы түрде бейнеленіп, ой ағынын ары қарай қоғамдық эстетиканың биік тұрғысына қарай бұрады.

Қалыптасып қалған таным бойынша, «өрт» – жамандықтың баламасы. Өлеңде ақын осы танымдық негізге сүйеніп, қоғамдық жағдайды образды түрде көрсетудің құралына айналдырады. Себебі болмыс – идеяның туындатушысы. Кез келген дарынды суреткер туындысын өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық жағдайымен, ел мен жер тағдырымен сабақтастырып, оны өз сырымен ортақтастыра жеткізеді. Және оған ақынның сезім-тендециясы, ашық көзқарасы сіңіріледі. Дүниені тану, түйсіну қатынасы қашан да уақыт тынысы, қоғамдық ортаның саяси-әлеуметтік атмосферасы арқылы айқындалады. Зор өнер туындысын тудырушы шебер өзін толғандырған ойларын өнердің заңдылықтарына қапсыз сидырып сақтай отырып, дәуір ағымымен сәйкестіреді. Әсте заман талабынан, қоғамдық жағдайдан бейтарап қалмайды. Мағаз өлеңінде тек құбылыстың сырт сипатын қаз-қалпында натурал көрсетуді мұрат тұтпаған. Ақынның жаратылыс құбылысын адам қолымен туындап жатқан қиянаттардың баламасы етуін – парасаттылыққа ұласқан ойшылдық, сыршылдық деп тануға болады. Туындыгер болмыс суретін әдеттегідей барша көрінісімен қаз-қалпында көшіре салып отырған жоқ. Онысы эстетикалық мұратымен астарлас көрсетіліп, әсем жыр тілімен көркем шындыққа айналған.

Қорытынды. Мағаз өз заманының белгілі көреген алдыңғы қатардағы адамы ретінде әлеуметтік өмірдің әр алуан сипатын өз шығармаларына арқау етті. Және оны өз басынан

кешкен өмірмен байланыстырып отырды, яғни қоғамдық жағдайға өзінің қатынасын айқын білдірді. Қандай тақырыпты өлең етсе де, оны өз көңіл күйінің төңірегінде қалдырып қоймай, философиялық ой-түйіндеулерге айналдыра білді. Мағаз поэзиясын мазмұн, түр жағынан бөлуге болатын болса, оның поэзиясының денін қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге арналған философиялық ой-толғаныстарға құрылған өлеңдері құрайды. Одан екінші орында көңіл-күй және табиғат лирикалары тұрады. Тоқетерін айтқанда, Мағаз – өлеңге философиялық тереңдік дарытқан ақын. Өлеңдері арқылы қоғамдық болмыстың сипаттаушысы, сыншысы бола отырып, ақиқат құбылыстың мәнін танытады. Әрбір өлеңінде айтылатын жекелік пікірлерінің ауқымын кеңейтіп философиялық тереңдік дарытуға талпынады. Теориялық қағидаға жүгінсек, шын мағынасындағы көркем поэзия – құбылыстың сырт көркін таныстырып, жұртқа «былай істеме, алай істе» деп ақыл-кеңес беруге ұрынбайды. Дидактика дегеніміз шын мәніндегі көркем поэзияға жынысын қоспайтын жайдақ дүние қатарында. Оны әдебиеттанушының сөзімен айтсақ жай тақпашылдық. Ал ұлы ақындар терең философиялық мән аңғартпайтын жадағай тақпақшылыққа ешуақытта бармайды. Бұл жағынан келгенде Мағаз – ойшыл, философ ақын. Әр өлеңінде өзі өмір сүрген дәуірдің суреті бар; келешектің болжалды үміті бар. Жалпыадамзаттық бағалы құндылықтарды астарлы оймен аңғартқан жырларының аңғартары аз емес. Ол – шын мағынасындағы терең ойдың тегеуінді ақыны.

Әдебиеттер

1. Әшімхан Т., Алтын жағалау. – Алматы: Арыс, 2019. - 168 б.
2. Орда Г.Ж., Жүсіпбек Аймауытұлы: ұлттық әдебиет пен ағарту саласындағы ізденістер мен көзқарастар // М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Керуен ғылыми журналы. – 2024. – № 3 (84 том). – Б. 64. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-05>.
3. Тлеубердина Г. Т., Берикбол Т., Бөкен Г. С., Канапина Г. М., Қазіргі айтыстың тақырыптық және көркемдік ерекшеліктері // Торайғыров университетінің Хабаршысы, Филологиялық серия. – 2024 – № 3. Б. 395. DOI: <https://doi.org/10.48081/NNRD1489>.
4. Сыздықова Р., Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. - 580 б.
ب. 135-1982، قىلاق ەلى: گىتىۋىك. رەدگەلو. بۇاعلوت رالۇسا. بىلۇ نادزار زاعام .
6. Шаймерденұлы Е., Қазақ афоризмдері. – Астана: Алматыкітап, 2008. - 304 б.
ب. 7-110، 1984، راتىلۇ قىلاترو: گىجىيەب. رەدگەلو. بۇاچ اقىتقاۋ. بىلۇ نادزار زاعام .
8. Құнанбайұлы А., Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы, I-том. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 б.
9. 罗根泽., 中国文学批评史. 上海书店. 2003 年版. 274页.
10. 南帆., 文学理论. 北京: 北京大学出版社, 2008. 306 页.
ب. 420-2016، قىلاق گىجىنىش: بجمرۇء. برالامراعش بلامادگات. بىلۇ نادزار زاعام .
12. Taldaubek Kadyly, Zhanakul Sametova, Gulzhakhan Orda, Akmaral Otarova, Zhanar Seisembayeva, Rakymberdi Zhetibay., The issue of human and natural ecology in modern Kazakh novels (based on the novel “The Last duty” by A. Nurpeisov) // Journal of Infrastructure, Policy and Development. – 2024. – Vol 8, No 14. – P 11. DOI: <https://doi.org/10.24294/jipd9601>.
13. Серікқалиұлы З., Таңдамалы шығармалары, 3 том. – Алматы: Паритет, 2012. - 431 б.
14. Реми Хесс., Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2019. - 360 б.
15. ب. 120-1998، قىلاق گىجىنىش: بجمرۇء. رەدگەلو. اعاسوب. بىلۇ نادزار زاعام .

Т. КАДЫЛ

Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

ФИЛОСОФСКАЯ ГЛУБИНА ПОЭЗИИ МАГАЗА РАЗДАНУЛЫ

Аннотация. В статье анализируются философски глубокие мысли поэзии Мағазы Разданұлы. Цель исследования – раскрыть малоизвестные стороны творчества поэта. Исследуются его стихотворения, отражающие различные аспекты общества, времени и человеческой природы. Например, в стихах «Өрт» («Пожар»), «Оқ даярлаушы» («Оружейник») раскрыта реальность общества, а в стихах «Айна алдында» («Перед зеркалом»), «Тар» («Тесный») отображена картина той эпохи, в которой он жил и творил. В стихах «Күлкі» («Смех»), «Жылау» («Плач»), «Мақтан» («Гордость») автор представляет философские размышления о человеческой сущности. Для достижения данной цели рассматриваются его поэтические сборники «Асулар толғауы» («Гимн перевалам»), «Уақыт» («Время»), «Босаға» («Порог»), «Ертең» («Завтра»). Мағаз 21 год своей жизни провел в китайской тюрьме. Исследуя его произведения, написанные в тюрьме, мы познаем характер общества, сущность человека и истинную правдивость времени. Для укрепления теоретической основы исследования в качестве метода были использованы научные работы отечественных критиков и литературоведов, таких как Р. Сыздыкова, З. Сериккалиулы, Е. Шаймерденулы, а также зарубежных ученых Реми Хесса, Ло Гэньзы и Нан Фань. Практическая значимость и ценность статьи заключается в том, что результаты научной работы обеспечивают материальную основу для дальнейших исследований поэзии М. Разданұлы. Это создает новые возможности для будущих исследователей. Научная новизна и результаты работы заключаются, во-первых, в том, что философская глубина поэзии Мағазы исследована впервые систематически. Во-вторых, раскрыта философская значимость и исторический контекст стихов поэта, написанных в тюрьме. В-третьих, в процессе анализа философски глубоких стихотворений Мағазы рассматривается сложная жизненная реальность, через которую прошел сам поэт.

Ключевые слова: поэзия Мағазы Разданұлы, философская глубина, исторический контекст, картина эпохи, художественное мастерство.

T. KADYL

The R.B. Suleymenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

PHILOSOPHICAL DEPTH OF MAGAZ RAZDANULY'S POETRY

Annotation. The article analyzes the philosophically deep thoughts of Magaz Razdanuly's poetry. The purpose of the study is to reveal little-known aspects of Magaz's work. In particular, his poems reflecting various aspects of society, time and human nature are examined. For example, in the poems "Oert" ("Fire"), "Ok dayarlaushy" ("Gunsmith") the reality of society is revealed, and in the poems "Ayna aldynda" ("In front of the mirror"), "Tar" ("Crowned") the picture of the era in which he lived and worked is reflected. In the poems "Kulki" ("Laughter"), "Zhylau" ("Cry"), "Maktan" ("Pride") the author presents philosophical reflections on human essence. To achieve this goal, his poetry collections "Asular tolgaуy" ("Hymn to the Passes"), "Uakyt" ("Time"), "Bosaga" ("Threshold"), "Erten" ("Tomorrow") are considered. Magaz spent 21 years of his life in a Chinese prison. Exploring his works written in prison and filled with truth, we learn the character of society, the essence of man and the true truthfulness of the time. To strengthen the theoretical basis of the study, the scientific works of domestic critics and literary scholars such as R. Syzdykova, Z. Serikkaliuly, E. Shaimerdenuly, as well as foreign scientists Remi Hess, Lo Genzy and Nan Fan were used as a method. The practical significance and value of the article lies in the fact that the results of the scientific work provide a material basis for further research into the poetry of M. Razdanuly. And this creates new opportunities for future researchers. The scientific novelty and results of the work are, firstly, that the philosophical depth of Magaz's poetry has been systematically studied for the

first time. Secondly, the philosophical significance and historical context of the poet's poems written in prison have been revealed. Thirdly, in the process of analyzing Magaz's philosophically profound poems, the complex life reality that the poet himself went through is considered.

Keywords: Magaz Razdanuly's poetry, philosophical depth, historical context, picture of the era, artistic skill.

References

1. Äşimqan T., Altyn Zhağalaý. – Almaty: Arys, 2019. – 168 b.
2. Orda G.Zh., Jüsifbek Aimaýytuly: ulttyq ädebiät fen aǵartý salasyndaǵy izdenister men kózqarastar // M.O. Äuezov atyndaǵy Ädebiät jäne öner institýty, Kerýen ǵylymi jýrnaly. 2024. – No 3 (84 tom). – 64 b. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.3-05>.
3. Tleyberdina G.T., Berikbol T., Böken G.S., Kanalina G.M., Qazırgı aıtystyń taqyryftsıq jäne kórkemdik erekselikteri // Toraǵyrov ýniversitetiniń qabarşysy, filologialyq seria. 2024. – No 3. – 395 b. DOI: <https://doi.org/10.48081/NNRD1489>.
4. Syzdyqova R., Abaidyń sóz órneǵı. – Almaty: El-şejire, 2014. – 580 b.
5. Razdanuly M., Asýlar tolǵaýy. Óleńde. – Kuytiń: Ile khalq, 1982. – 135 b.
6. Şaimerdenuly E., Qazaq aforizmderi. – Astana: Almatykitap, 2008. – 304 b.
7. Razdanuly M., Ýaqytqa jaýap. Óleńder. – Pekin: Ortalq ulttar, 1984. – 110 b.
8. Qunanbaiuly A., Abai şyǵarmalarynyń eki tomdyq tolyq jınaǵy, 1-tom. – Almaty: Jazýşy, 2005. – 296 b.
9. Luo Genze., Qytai ädebieti synynyń tariqy. – Şañxai: Kitap, 2003. – 274 b.
10. Nan Fan., Ädebiät teoriasy. – Pekin: Pekin Ýniversiteti, 2008. – 306 b.
11. Razdanuly M., Tańdamaly şyǵarmalary. Óleńder. – Urımşı: Şyńjań khalq, 2016. – 420 b.
12. Taldaubek Kadyl., Zhanakul Sametova., Gulzhakhan Orda., Akmaral Otarova., Zhanar Seisembayeva., Rakymberdi Zhetibay., The issue of human and natural ecology in modern Kazakh novels (based on the novel “The Last duty” by A. Nurpeisov) // Journal of Infrastructure, Policy and Development. – 2024. – Vol 8, No 14. – P 11. DOI: <https://doi.org/10.24294/jipd9601>.
13. Serikqali Z., Tańdamaly şyǵarmalary. 3-tom. – Almaty: Rariter, 2012. – 431 b.
14. Remi Hess., Filosofianıń tańdaýly 25 kitabı. – Almaty: Ulttyq aýdarma birosy, 2019. – 360 b.
15. Razdanuly M., Bosaǵa. Óleńder. – Urımşı: Şyńjań khalq, 1998. – 120 b.

Автор туралы мәлімет:

Талдаубек Қадыл – философия докторы (PhD), Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, жетекші ғылыми қызметкер, Алматы, Қазақстан.

Талдаубек Қадыл – доктор философии (PhD), ведущий научный сотрудник Института востоковедения имени Р.Б. Сүлейменова, Алматы, Казахстан.

Taldaubek Kadyl – doctor of Philosophy (PhD), R.B.Suleimenov Institute of Oriental Studies, leading researcher, Almaty, Kazakhstan.